

ОТЗЫВ

**зарубежного научного консультанта на диссертационную работу
Бедебаевой Майры Ерсултановны на тему «Методика обучения
школьной информатике на английском языке на основе технологии
смешанного обучения», представленную на соискание учёной степени
доктора философии (PhD) по образовательной программе
8D01503 – «Подготовка педагога информатики»**

Диссертационная работа Бедебаевой Майры Ерсултановны посвящена актуальной и многогранной теме, объединяющей подходы к обучению иностранным языкам и подготовку в области использования современных информационных технологий, традиционно относимую к обучению информатике. Исследование обладает научной новизной, теоретической и практической значимостью, поскольку направлено на совершенствование методики преподавания информатики в условиях билингвального обучения. Основной целью диссертационного исследования является теоретическое и методологическое обоснование эффективности использования технологии смешанного обучения при обучении школьному курсу информатики на английском языке. В рамках исследования разработана инновационная методика, направленная на повышение качества усвоения учебного материала за счёт комбинирования использования традиционных и цифровых образовательных технологий.

Можно отметить три ключевых аспекта, которые являются основой для оценки данной работы.

Во-первых, интеграция языков. В условиях внедрения трёхязычия в образовательную систему Казахстана (казахский, русский и английский языки) данная работа вносит значительный вклад в развитие этой инициативы, особенно в контексте обучения информатике. Исследование затрагивает специфическую область – алгоритмизацию и программирование, где использование двух и более языков неизбежно. Так, в программировании основой являются операторы на английском языке, в то время как для составления алгоритмов, блок-схем и описания их логики традиционно используются казахский или русский языки. Такой подход демонстрирует важность языковой интеграции в образовательном процессе и подтверждает её эффективность в освоении учебного материала.

Во-вторых, интеграция технологий. В работе большое внимание уделено применению технологии смешанного обучения, объединяющей очные и дистанционные форматы взаимодействия с обучающимися. В условиях стремительного развития цифровой образовательной среды такой подход приобретает всё большую актуальность. Автор диссертации подробно анализирует использование цифровых инструментов в рамках смешанного обучения, демонстрируя глубокое понимание их роли в современном образовательном процессе, в том числе и при обучении информатике.

В-третьих, разработка инновационной методики обучения информатике. В работе представлена комплексная система обучения,

сочетающая подготовку в области программирования и языковую подготовку. Автор не только предлагает новое содержание курса, но и разрабатывает оригинальные задания и цифровые ресурсы, ориентированные как на учащихся, так и на профессиональное развитие педагогов. Это подчёркивает многоаспектность и прикладную ценность предложенной методики.

Важно отметить высокую публикационную активность диссертанта. В рамках исследования опубликовано 13 научных статей, включая две в журналах, индексируемых в базе Scopus, что превышает установленные требования. Активное участие автора в профессиональных конференциях и форумах свидетельствует о практическом значении полученных результатов. Данная работа вносит значимый вклад в совершенствование систем обучения школьному курсу информатики и подходы к подготовке педагогов в условиях трёхязычного образования и информатизации, а её результаты обладают высокой степенью практической применимости и инновационности.

За годы учёбы Бедebaева Майра Ерсултановна успешно прошла научную стажировку в департаменте информатизации образования института цифрового образования Московского городского педагогического университета. В ходе стажировки она продемонстрировала высокий уровень дисциплинированности, самостоятельности и существенную научную подготовку. Кроме того, в рамках программы стажировки она повысила квалификацию по дополнительной профессиональной программе «Использование информационных и телекоммуникационных технологий в образовании», что способствовало расширению её компетенций в области современных образовательных технологий.

На основе вышеизложенного считаю, что диссертационная работа Бедebaевой Майры Ерсултановны представляет собой законченное исследование. Она выполнена в соответствии со всеми предъявляемыми требованиями и может быть допущена к официальной публичной защите.

Академик Российской академии образования,
профессор департамента информатизации
образования института цифрового образования
Государственного автономного образовательного
учреждения высшего образования города Москвы
«Московский городской педагогический университет»,
доктор педагогических наук,
профессор

Гриншкун Вадим Валерьевич

г. Москва.



подтверждаю
ст. зам. пр. Камынина Т.В.

ОРЫС ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРМА

8D01503 – «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның диссертациялық жұмысы шетел тілдерін оқыту тәсілдері мен дәстүрлі түрде информатика пәнін оқытуға қатысты заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы даярлықты біріктіретін өзекті және көпқырлы тақырыпқа арналған. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, өйткені ол билингвальды оқыту жағдайында информатиканы оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған. Диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты мектептегі информатика курсы ағылшын тілінде оқытуда аралас оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу болып табылады. Зерттеу аясында дәстүрлі және цифрлық білім беру технологияларын қолдануды біріктіру арқылы оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға бағытталған инновациялық әдістеме әзірленді.

Осы жұмысты бағалауға негіз болатын үш негізгі аспектіні атап өтуге болады.

Біріншіден, тілдердің интеграциясы. Қазақстанның білім беру жүйесіне үштілділікті енгізу жағдайында (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) бұл жұмыс осы бастаманың дамуына, әсіресе информатиканы оқыту жағдайында зор үлес қосуда. Зерттеу айрықша саланы - алгоритмдеу және бағдарламалауды қозғайды, мұнда екі немесе одан да көп тілдердің пайдаланылуы сөзсіз. Осылайша, бағдарламалауда ағылшын тіліндегі операторлар негіз болып табылады, ал алгоритмдерді, блок-схемаларды құруға және олардың логикасын сипаттауға дәстүрлі түрде қазақ немесе орыс тілдері қолданылады. Мұндай тәсіл оқу процесінде тілдік интеграцияның маңыздылығын көрсетеді және оның оқу материалын меңгерудегі тиімділігін растайды.

Екіншіден, технологиялардың интеграциясы. Жұмыста білім алушылармен қарым-қатынастың бетпе-бет және қашықтықтан форматтарын біріктіретін аралас оқыту технологиясын қолдануға көп көңіл бөлінген. Цифрлық білім беру ортасының қарқынды дамуы жағдайында бұл тәсіл өзекті бола түсуде. Диссертация авторы аралас оқыту аясында цифрлық құралдарды қолдануды жан-жақты талдап, олардың қазіргі білім беру үдерісіндегі, соның ішінде информатиканы оқытудағы рөлін терең түсінетінін көрсетеді.

Үшіншіден, информатиканы оқытудың инновациялық әдістемесін әзірлеу. Жұмыста бағдарламалау және тілдік дайындықты біріктіретін кеФенді оқыту жүйесі ұсынылған. Автор курстың жаңа мазмұнын ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар білім алушыларға да, педагогтардың кәсіби дамуына да бағдарланған өзіндік тапсырмалар мен цифрлық ресурстарды әзірлейді. Бұл ұсынылған әдістеменің көп аспектілігі мен қолданбалы құндылығын көрсетеді.

Диссертанттың жоғары жариялау белсенділігін атап өткен жөн. Зерттеу аясында 13 ғылыми мақала жарияланған, оның ішінде екеуі Scopus деректер базасында индекстелген журналдарда, бұл белгіленген талаптардан артық. Автордың кәсіби конференциялар мен форумдарға белсенді қатысуы алынған нәтижелердің практикалық мағынасын көрсетеді. Бұл жұмыс мектеп информатика курсы оқыту жүйелері мен үш тілде білім беру және **ақпараттандыру жағдайында**

Аударма түпнұсқамен толық сәйкестікте орындалды, аудармашы Мухамедзянова Зульфия Мадарисовна.

педагогтарды даярлау тәсілдерін жетілдіруге елеулі үлес қосады, ал оның нәтижелері практикалық қолдану мен инновациялық жағынан жоғары дәрежеге ие.

Бедебаева Майра Ерсұлтановна оқу жылдарында Мәскеу қалалық педагогикалық университетінің цифрлық білім беру институтының білім беруді ақпараттандыру департаментінде ғылыми тағылымдамадан сәтті өтті. Тағылымдама кезінде ол тәртіптіліктің, дербестіктің жоғары деңгейін және елеулі ғылыми дайындығын көрсетті. Сонымен қатар, тағылымдама бағдарламасы аясында ол «Білім беруде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану» қосымша кәсіби бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырды, бұл оның заманауи білім беру технологиялары саласындағы құзыреттілігін кеңейтуге ықпал етті.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның диссертациялық жұмысын аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеймін. Ол барлық қойылатын талаптарға сай орындалған және ресми жария қорғауға жіберілуіне болады.

Ресей білім академиясының академигі,
Мәскеу қаласының жоғары білім беру мемлекеттік
білім беру мекемесінің цифрлық білім беру
институтының білім беруді ақпараттандыру
департаментінің профессоры,
«Мәскеу қалалық педагогикалық университет»,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор /қолтаңбасы/

Гриншкун Вадим Валерьевич

Мәскеу қ-сы.

РФ елтаңбалы мөр бедерлемесі басылған: МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ БАСҚАРМАСЫ «МӘСКЕУ ҚАЛАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ»
МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ
МЕКЕМЕСІНІҢ * ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ НМТН 1027700141996

Мен қолтаңбаны растаймын. Маман Калинина Т.В. /қолтаңбасы/

Республика Казахстан, город Шымкент


10.06.2025 г.Я, Байсалбаева Манат Вахаповна, нотариус города Шымкент, действующая на основании лицензии № 0000509 от 12.07.2006 года, выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства юстиции РК, свидетельствую подлинность подписи, сделанной известным мне переводчиком гр. МУХАМЕДЗЯНОВОЙ ЗУЛЬФИЕЙ МАДАРИСОВНОЙ, которая сделана в моем присутствии. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия его проверены

Зарегистрировано в реестре за № 711

Взыскано: по тарифу

Нотариус  Байсалбаева М.В.



Немірленген бауланған
Пронумерованно прошнуровано
Парақ. Лист.
Подпись 
Кол



ST1203396250610115918C291361

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей немірі / Уникальный номер нотариального действия